Существенным недостатком действующей правовой регламентации дисциплинарной ответственности за коррупционные правонарушения является отсутствие нормативно закрепленной системы оснований для проведения проверок комиссией по урегулированию конфликта интересов. Имеющаяся судебная практика свидетельствует о возможности реализации таких процедур даже при отсутствии формальных оснований [3].

Отличие от общего порядка привлечения к дисциплинарной ответственности усматривается и в субъекте, уполномоченном на проведение проверочных мероприятий. Порядок применения взысканий за коррупционные дисциплинарные проступки предполагает, что они применяются по результатам проверки, проведенной подразделением кадровой службы по профилактике коррупционных и иных правонарушений, а в случае, указанном в части 1 ст. 59.3 Закона

№ 79-ФЗ, участие в решении вопроса о дисциплинарной ответственности принимает комиссия по урегулированию конфликтов интересов. Рассматриваемый субъект по результатам проверки указывает в докладе представителю нанимателя предложение об отсутствии оснований для применения к служащему мер юридической ответственности, о применении данных мер либо о представлении материалов проверки в комиссию по соблюдению требований к служебному поведению и урегулированию конфликта интересов [4].

В соответствии с последними изменениями от 03.08. 2018 года заключение комиссии по урегулированию конфликта интересов не требуется при наличии следующих условий:

- 1) гражданский служащий согласен с привлечением его к дисциплинарной ответственности и признает факт совершения коррупционного правонарушения
- 2) за совершение данного деяния не назначается увольнение в связи с утратой доверия.

Основанием дисциплинарной ответственности при данных обстоятельствах будет доклад подразделения кадровой службы соответствующего государственного органа по профилактике коррупционных и иных правонарушений о совершении коррупционного правонарушения, в котором излагаются фактические обстоятельства его совершения, и письменное объяснение такого гражданского служащего.

По общему правилу до применения дисциплинарного взыскания представитель нанимателя должен затребовать от гражданского служащего объяснение в письменной форме, предусмотрены за служащим и определенные правомочия при проведении служебной проверки (статья 59.3 Закона № 79-ФЗ). Однако статья 59.3 Закона № 79-ФЗ не закрепляет такую обязанность представителя нанимателя. Считаем, что в данном случае необходимо руководствоваться общими нормами, определяющими процедуру дисциплинарной ответственности с обязательным истребованием объяснения, что подтверждается судебной практикой. При этом государственный гражданский служащий по сути лишен возможности дать ответ на полученные результаты проверки, не имея, фактически, права на защиту своих прав и законных интересов.

Взыскание за коррупционное правонарушение может быть применено представителем нанимателя на основании рекомендации комиссии по урегулированию конфликтов интересов при его малозначительности. К таковому взысканию относится замечание (часть 3.1 статьи 59.3 Закона № 79-ФЗ). Введение в законодательство данной категории определило возможность представителя нанимателя применить в качестве взыскания не увольнение в связи с утратой доверия, а замечание. Закрепляя условие малозначительности, законодателю следовало дать его определение, а также сформулировать критерии и условия реализации.

***Литература и примечания:***

[1] Федеральный закон от 21.11.2011 № 329-ФЗ (ред. от 03.07.2016) «О внесении изменений в отдельные законодательные акты Российской Федерации в связи с совершенствованием государственного управления в области противодействия коррупции» // Справочно-правовая система «Консультант Плюс» – Электрон. текст. данные.

[2] Федеральный закон от 27.07.2004 № 79-ФЗ «О государственной гражданской службе Российской Федерации»// Справочно-правовая система «Консультант Плюс» – Электрон. текст. данные . – ст. 59.3.

[3] Апелляционное определение Челябинского областного суда от 04.07.2017 № 11-8408/2017

[4] Указ Президента РФ от 01.07.2010 № 821 (ред. от 19.09.2017) «О комиссиях по соблюдению требований к служебному поведению федеральных государственных служащих и урегулированию конфликта интересов» (вместе с «Положением о комиссиях по соблюдению требований к служебному поведению федеральных государственных служащих и урегулированию конфликта интересов») // Справочно-правовая система «Консультант Плюс» – Электрон. текст. данные.

## **ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**Ж.О. Аманжолова,**

*магистр, оқытушы,*

**Ш.Т. Алиева,**

*магистр, оқытушы*

**А.Е. Ибадулла,**

*магистр оқытушы*

*e-mail: isaeva.aika@mail.ru,*

**XГТУ,**

**г. Шымкент, Казахстан**

### **ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ТҮРЛІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРИСТЕГІ ТӘРБИЕЛІК-БІЛІМДІК ЖЕТИСТИКТЕР МАЗМҰНЫ**

**Аннотация:** берілген мақалада бүгінгі таңдағы білім беру жүйесін реформалау мұғалімнің кәсіби әрекетінің нәтижесіне және мазмұнына жоғары талаптар қоюда. Сол талаптарды орындау мұғалімнің кәсіби дайындығына байланысты. Олай болса, іс-әрекет табыстылығы ұғымының мәнін анықтайық.

**Кілттік сөздер:** кәсіби даярлық, педагогикалық үрдіс, білім беру жүйесі, педагогикалық алғышарттар, мектеп, экономикалық алғышарттар.

Қазіргі таңда білім парадигмасының мәні баланы табысты өмірге даярлауден анықталады. Бұл мәселенің Қазақстан мектебінің дамуында өзіндік орны бар. Бірінші бөлімде талданған ғылыми еңбектерде баланың табысты әрекетке ие болуына байланысты көптеген мәліметтер келтіріліп, жүйеленді. Ендеше, осыған орай қазақ даласындағы мектептердің дамуында орын алған қарама-қайшылықтарды, ықпал еткен факторларды талдай отырып, педагогика тарихында «табысты әрекет» категориясының пайда болуын зерделейік.

Қайғасырда болсын ұлт өмірін өркендешуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми ерісі кең үрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі болып саналатыны белгілі. Әрбір халық

ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен жалпы адамзаттық ізгіліктерді жинақтап, өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесін реформалау мұғалімнің кәсіби әрекетінің нәтижесіне және мазмұнына жоғары талаптар қоюда. Сол талаптарды орындау мұғалімнің кәсіби дайындығына байланысты. Олай болса, іс-әрекет табыстылығы ұғымының мәнін анықтайық.

В.Дальдың түсіндірме сөздігінде «табыс» ұғымы немесе тәрбиелік-білімдік жетістіктерге жету мүмкіндіктері қалаған нәрсеге қол жеткізу деп түсіндіріледі . Ең алдымен бұл мәселені айқындау үшін қазіргі ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, зерттеу кезеңіндегі мектептердің мазмұнын ашуға талпыныс жасайық.

Таным диалектикасына сәйкес қарама-қайшылық дамудың қайнар көзі болып табылады. Яғни, көлем мен мазмұнның өзара ықпалы, сандық көрсеткіштердің сапаға айналуына әсер етсе бұл заңдылықтар аталған мәселені зерттеуге, талдауға мүмкіндік береді. Н.Д.Хмельдің негіздеуіндегі педагогикалық үдерістің заңдылықтарына тоқталайық:

- педагогикалық үдеріс қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігіне байланысты;
- педагогикалық үдерістің мақсаттылығы қоғамның мақсатымен байланысты;
- педагогикалық үдеріс екі жақты сипатта ие, яғни педагогтар мен оқушылардың өзара әрекетімен байланысты;
- оқушылардың белсенділігі мұғалімнің жан-жақты ойластырған және ұйымдастырған әрекетінің нәтижесі;
- педагогикалық үдерістің қызметі оның мазмұны мен жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылады және сынып оқушыларының даму деңгейіне байланысты;
- оқушылардың жасы қаншалықты ересек болса, достарының пікірі соншалықты маңызды;
- педагогикалық үдеріс мерзімі жағынан ұзак .

Осы заңдылықтарға сүйене отырып, зерттеуіміздің барысында XIX ғасырдағы және XX ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі мектептерде жеке тұлғаның табысты дамуына ықпал еткен педагогикалық үдерістің ерекшеліктерін көрсетуге

талпынамыз.

Табысты нәтижеге қол жеткізу, әсіресе, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сапасын жетілдіру мәселесі антикалық дәуірдегі философтардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Ежелгі грек философиясы мен педагогикасын зерттеген ғалым Г.Е.Жураковский: †I ғасырда-ақ пиthagорлықтардың философиялық жүйесі білімнің құдіреттілігін мойындай отырып, «сабакта табыска жету» принципінің қажеттілігін атап көрсеткен. Мәселен:

- 1) сөйлеушіні соңына дейін тындау;
- 2) кез-келген жағдайда өзін-өзі ұстай білу;
- 3) әрқашан тәртіп сақтау;
- 4) білім негізін менгеру;
- 5) жадыны жаттықтыру;
- 6) білім алуша белсенділік көрсету.

Көріп отырғанымыздай, пиthagорлықтар оқушылардың мәдени қарым-қатынас орната білуін, қабілет, жады сынды психологиялық қасиеттерін дамыту арқылы әрекетте табыска қол жеткізулеріне үлкен мән берген.

Осы орайда ежелгі грек ойшылы Демокриттің «оқу еңбектің негізінде ғана әсем дүниелерді тудырады» деген ойлары қызыгуышылық тудырады. Ол балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін тәрбиелеушіге үздіксіз әрі тиянақты еңбек етуі керек деді. Демокрит: «Табыска жету үшін оқушыларда психологиялық түрғыдан алғышарт болуы қажет, егер оқушы жеңіл ойлы болса, онымен жүргізілетін жұмыс сәтсіздікке ұшырайды» деп жазды. Ол педагогтар мен оқушы әрекетінің екі жақты сипатта болатындығын көрсетіп отыр. Логикалық заңдылықтарға сүйенсек «ақыл бір-біріне қарама-қайшы категориялар, егер оқушы терең ойлай алса, онда онымен жүргізілетін кез-келген әрекет табысты болады». Сол сиктү тәрбиелік-білімдік жетістіктер дегеніміз – бұл бір жағынан көзделген мақсат пен міндеттерді жүзеге асырудағы жоғары нәтижелілік, екінші жағынан бұл қуаныш сезімі, яғни жағымды эмоциялар немесе оқу тәрбие үдерісінде оқушылардың маңызды нәтижелерге қол жеткізуі үшін мақсатты түрде арнағы ұйымдастырылған шарттар жиынтығы.

Бұл жерде мұғалімнің негізгі ұстанымы маңызды, яғни табысты нәтижеге қол жеткізу үшін сол әрекетті жан-жақты, мұқият ұйымдастыру керек. Педагогикалық үрдіс субъектілерінің іс-әрекет нәтижесі мұғалімнің іс-әрекетінің мазмұнды, мақсатты болуына тікелей байланысты.

Ежелгі грек философи Сократ шәкірттерімен әңгіме өткізген кезде оларға дайын жауаптар бермей, ақиқатты өздерінің табуына бағыттаған. Бұл әдіс кейіннен «сократтық» деген атауга ие болып, мұғалімнің оқушыларды ізденіске, өздігінен әрекет жасауға, танымдақ белсенділіктерін арттыруға міндеттеген.

Сократ әрбір адамның тұлға ретінде дамуына үлкен мән берген. Мұғалім қызметінің табысты болуының шешуші факторы оның «интеллекті» деп атады. Сонымен бірге, мұғалім үшін есте сактау қабілетін жаттықтырып, білімге деген қызығушылықты дамытып, өзін-өзі тану арқылы осы қабілеттерді анықтау керек. Олай болса, мұғалім қызметінің негізгі міндеті шәкірттерінің жеке психологиялық әрекшеліктерін зерттеу арқылы ең жақсы қабілеттерін анықтау.

Ежелгі грек философтары өздерінің трактаттары мен көпшілік ортасында сойлеген сөздерінде еңбек ете отырып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізудің адамның жан-дүниесіне тигізетін ықпалы туралы көп айтқан.

Мәселен, Аристотельдің пікірінше кез-келген нәрсенің формасы мен заты бар. Зат белгілі-бір формаға ие болып басқа затқа айналады. Оның көзкарасы бойынша барлық ғұмыр бұл даму процесі. Сондықтан даму процесінде сезіне білу, сезім арқылы қабылдау тәжірибесі өте маңызды болып табылады. Көп жағдайда таным процесіндегі қателіктер сезім тәжірибелерін дұрыс түсінбеуден туындаиды.

Яғни, мазмұн мен форманың, ішкі және сыртқы әрекеттердің бірлігін түсіну үшін табысты әрекетті педагогикалық категория ретінде анықтауда маңызды. Мұғалім әрекетін кәсіби жетілдіру, сапалы оқыту мәселелерімен ежелгі рим педагогі Марк Квинтилиан да айналысқан. Ол оқушылардың жеке әрекшеліктерін ескеру принципін айта отырып, нәтижеге жетуде әрекеттің маңызына тоқталған. Мәселен, «Біреудің ақылы екіншісінен артық дегенге мен

келісемін, бірақ бұл біреудің екіншісінен көбірек нәрсе жасайтындығын ғана дәлелдейді, алайда ыждағаттылықпен әрекет жасағандардың табысқа жетпеуі мүмкін емес», – дейді.

Квинтилиан еңбектерінде «табыс» үғымын тәрбиеленушінің оку әрекетімен тығыз байланысында көреміз. «Оқу ол үшін қызықты болуы керек, оны мақтап, мадақтап отыру керек, оның табысына қасындағы жолдастары қызығатындай болуы керек, жасөспірімдер үшін бұл өте маңызды».

Марк Квинтилиан «Шешеннің тәрбиесі туралы» еңбек жазды. Аталған еңбегінде ол адам қай салада табысқа жеткісі келсе, сол саланы терең зерттеу керектігіне баса назар аударған. «Істің негізін алдын-ала зерттеп білмей, жетістікке жету мүмкін емес» [120]. Бұдан шығатын қорытынды, егер мәселе мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің нәтижесі туралы болса, онда табысқа жету үшін біз болашақ мұғалімді табысты әрекет үғымын педагогикалық категория ретінде түсінуін қамтамасыз етуіміз керек. Педагогикалық еңбектегі табысты әрекетке үлгі ретінде қайта өрлеу дәүірінің педагогі Витторино-де Фельтрениң тәжірибесін атаяға болады (ХVІ ғасырда үйымдастырылған «Қуаныш үйі»). Витторино-де Фельтре мұғалімдер мен окушылардың табысты әрекеті үшін барлығын алдын-ала ойластырган. Біріншіден, мектептің табиғат аясында, ағаштардың арасында орналасуы. Екіншіден, мектеп ғимаратының түрлі суреттермен, әсіресе, балалардың суреттерімен безендірілуіне үлкен мән берген. ұшіншіден, ең бастысы «Қуаныш үйінде» барлық педагогтар және Витториноның өзі де балалармен аса мейірімді қарым-қатынас жасады. Мектепте түрлі таптың балалары оқыды, бірақ әуелден тен құқылы принцип болды, барлықтары үшін жағдай бірдей жасалды. Жалқаулық, тәртіп бұзушылық, т.б. бірдей жазаланды.

Окушылардың белсенді әрекетін үйымдастыру қажеттігін, өзіндік ойлауын дамытуды, шығармашылығын қалыптастыру, мұғалімнің жан-жақты білімді болуына француз ағартушысы, жазушы Франсуа Рабле айырықша көңіл аударған. «Гаргантюа-Пантагрюэль» еңбегінің басты кейіпкері табиғатты бақылау, орман-тогай аралап, гербарий құрастыру, т.б. сияқты белсенді іс-әрекет үйымдастырудың барысында ғана табысты нәтижеге

қол жеткізген.

Педагогикалық ой-пікірлердің дамуында мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің табысты нәтижеге қол жеткізуі туралы швейцар педагогі И.Г.Песталоцци (1746-1827 жж.) үлес қосты. Оның педагогикалық мұрасынан «табысты әрекет» ұғымына қатысты көптеген құнды идеялар табуға болады. Мәселен, «тәрбие процесінің мақсаты мен міндеттері баланың табиғи ерекшелігіне сәйкес болуы керек, сондай-ақ индивидтің білім алуда өзін-өзі дамытуына, қабілеттерінің жан-жақты дамуына ықпал ету керек» деген тұжырымдары бар.

«Әдіс» деген ғылыми мақаласында И.Г.Песталоцци балаға барлық білімді бере отырып ен керектісін қалай беруге болады және мұғалім ретінде ішкі қанағаттану сезіміне жету үшін не істей керек деген күрделі мәселелерді қарастырды. Песталоццидің пікірінше, мұғалім іс-әрекетінің табысты болуының мәні ішкі қанағаттанудан тұратын индивидтің психологиялық жағдайының қажеттілікпен сәйкес келуінде. Песталоцци табысты әрекеттің төмендегідей белгілерін анықтаған :

1. Құбылысты өзара әрекетте зерттеу;
2. Алған білімді жүйелеу;
3. Зерттеуден туындаған әсерлердің сезім мүшелеріне әсер етуі;
4. Білімді үнемі жетілдіру;
5. Зерттейтін құбылыстың барлық элементтері үлесімді мөлшерде байланысу керек;
6. Индивид танымдық әрекет барысында барынша еркін ері өз бетінше іс-әрекет жасай білуі керек;
7. Әрқашан табысқа жетемін деп өзін-өзі сендіруі тиіс.

Сондықтан Песталоццидің идеялары әлі күнге өзінің маңыздылығын жойған жоқ деп есептеуге болады.

Педагогика ғылымының балалар мен ересектерді, яғни адамды тәрбиелеу туралы ғылым екендігі баршаға белгілі. Оның компоненттері ретінде мақсаты мен міндеттері, нысаны, пәні, әдіс-тәсілдері, ұғымдары мен заңдылықтары әрекет етеді. Сол әрекеттің нәтижелі болуы педагогикалық үдеріс субъектілерінің табыстылығынан көрінеді. Аталған мәселе бойынша ғұламағалым, шығыс данышпаны әл-Фарабидің еңбектерінен маңызды

идеялар кездестіруге болады. Сондай-ақ әл-Фараби – адамның өмірдегі арманы болып табылатын бақытқа қол жеткізу үшін белгілі бір іс-әрекет жасау қажеттігін атап көрсеткен. Яғни, мақсаты айқын, белсенді жеке тұлға ретінде қалыптастыру оның бүкіл іс-әрекетін дұрыс әрі саналы түрде үйымдастырған жағдайда ғана мүмкін болатынын анықтады. әл-Фараби тәрбиенің барлық мәселелерін логикамен, білім алушмен және тәжірибемен тығыз байланыстырды. «Бақытқа жету» атты еңбегінде жас үрпаққа және жеке адамдарға тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, ұстаздық жасайтын адамдарды өте жоғары бағалады, ғылымды менгеруді дәріптеді. Осындай құнды ой-пікірлерге толы әл-Фараби ілімі философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылымдардың дамуына айтарлықтай ықпал етіп, адамзат дүниесінің алға жылжуына үлес қости.

әл-Фараби тәрбиенің ғылыми негіздерін зерттей отырып, білім беру философиясының мәнін анықтаған. Ол педагогика ғылымын азаматтық немесе саяси философия құрамына жатқыза отырып, мынандай пікір білдірген: «Тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер философия немесе абсолюттік мағынада айтқанда, даналық деп аталады». Дегенмен, әл-Фарабидің пікірінше, өмірдегі табыстылыққа жету үшін адамға негізінен төмендегідей төрт нәрсе қажет деп көрсеткен:

1. Қабілет.
2. Моральдық қасиеттер.
3. Интеллект.
4. Шығармашылық.

Әбу-Насыр әл-Фарабидің ғылыми-педагогикалық мұрасында тұлға әрекетінің түрлі аспектілері қарастырылған. Соның ішінде мақсат пен нәтижеге қол жеткізу, яғни табысты әрекет мәселесі кең түрде қамтылған .

әл-Фараби адамның негізгі міндеті – интеллектуалдық қабілеттері мен адамгершілік қасиеттерін үнемі жетілдіріп отыру және қоғамға пайда тигізу деп есептеді, яғни қандай да болмасын табысты әрекет ету деген мағынаны білдірсе керек. Сондықтан екінші ұстаз атанған ғұламаның пікірлері бүгінгі күні де маңызды. Мәселен, өз заманының аса көрнекті ғалымы болған Махмұд Қашқари «Бақыттың белгісі білім мен ақыл» дей отырып, сол екеуіне жетудің бірден-бір жолы табысты іс-әрекет

екендігін мензеп отыр . Ал, әйгілі ақын, қоғам қайраткері, философ Жұсіп Баласағұн «Құтты білік» («Бақытқа жеткізуші білім») атты еңбегінде адам баласының қадір-қасиеті білім мен ақылда болатынын айтып, оны үш сатыға бөліп қарастырады. «Бірінші – әрбір жеке адамның білімді болуы, білімді болу үшін оку қажет. Екінші – байлық, молшылық – ол үшін еңбек, кәсіп, адалдық қажет. Ушінші – әлеуметтік, табиғи құштілік – ол үшін бірлік, достық, бостандық керек», – десе , түркі әлемінің тағы бір ғұламасы Қожа Ахмет Яссави өзінің «Диуани Хикмет» шығармасында бақытқа, соган сәйкес табысқа қол жеткізу ең алдымен имандылықпен байланысты деп есептейді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- [1] Лизинский. Лизинский В.М. Диагностика успешности учителя. – М.: Педагогический поиск, 1997.
- [2] Хмель Н. Теоретические основы профессиональной подготовки. – Алматы: Фылым, 1998.
- [3] Рысбаева А.К. Успешность деятельности как категория педагогики. – Алматы. 2003.
- [4] Остроумов Н.П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XX лет ее существования (30 августа 1879-1904 гг.). – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильбина, 1904.
- [5] Остроумов Н.П. Колебания во взглядах на образование туземцев в Туркестанском крае //Кауфманский сборник. – Ташкент, 1910. – 160 с.
- [6] Остроумов Н.П. К истории мусульманского образовательного движения в России в XIX и XX столетиях // Мир ислама. – СПб., 1913.

© Ж.О. Аманжолова, Ш.Т. Алиева, А.Е. Ибадулла, 2018

*Д. Асқарқызы,  
магистр оқытушы,  
Е. Нұрлыханқызы,  
магистр оқытушы,  
А.Т. Кадыргалиева,  
магистр, аға оқытушы,  
e-mail: isaeva.aika@mail.ru,  
ХГТУ,  
г. Шымкент, Казахстан*

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ ПРИНЦИПТЕРІ**

**Аннотация:** берілген мақалада бастауыш мектепте білім беру мазмұнын анықтау принциптері жайлы айтатын боламыз.

**Кілттік сөздер:** білім беру жүйесі, педагогикалық алғышарттар, мектеп, бастауысынып, оқыту заңы.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектепті қазіргі кезеңдегі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Қазақстан Республикасы Конституциясы «Білім туралы» Заңы – осының кепілі.

Оку-әдістемелік жүйенің базисін түбекейлі жаңартудың бағыттарын, жаңа мазмұнның теориялық негіздерін анықтау тұжырымдаған құжаттар бар. Олар: ҚР Білім министрлігі құлтап бекіткен Қазақстан республикасы мектептерінің және осы мектептердегі білім мазмұнның тұжырымдамалары.

Ұсынылып отырған «Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұнның тұжырымдамасын» үздіксіз білім беру жүйесіндегі бастауыш буында осы стратегияны нақтылы жүзеге асырудың тактикалық шешімдерінің бірі деп түсінген орынды.

Оқытудың заңы, заңдылықтары және принциптері түсінігі. Оқытудың негізгі заңдарына, заңдылықтарына шолу. Оқыту принциптері және ережелері.

Оқытудың заңдылығы дегеніміз табиғат заңдылығынан

туындастын, оқыту принциптерінің бастауы Заңдылық заңнан туындауды Оқыту заңдылықтары жалпы, жалқы болы бөлінеді Оқытудағы жалпы заңдылық -бүкіл оқу процесін қамтитын заңдылық Оқытудағы жалқы заңдылық -оқытудың мақсаттылығы, мазмұны, сапасы, әдістері, оқыту процесін басқару т.б. Оқытудың заңдылықтары оқытудың қоғамға қажеттілігі, тәрбие-білім берудегі мемлекеттің жауапкершілігі, баланың ерекшелігін ескеру, оны сыйлау, ұжымда оқыту, білім-тәрбиедегі бірізділікті сақтау Жалқы заңдылықтардың компоненттері дидактикалық, гносеологиялық, психологиялық, кибернетикалық, әлеуметтік, ұйымдастыру Дидактикалық компонент -оқытудың мазмұны, түрі, әдісі, тәсілі, құралы

Гносеологиялық компонент дегеніміз оқытушының басшылығымен оқушының объективті ақиқатты, қоршаған ортаны, табигаттың, қоғамның заңын білуі Кибернетикалық компонент дегеніміз түрлі ақпараттар байланыс мазмұнын екшелеп қабылдау Психологиялық компонент дегеніміз оқу процесі барысында оқушының ішкі жан дүниесінің жағдайы Әлеуметтік компонент дегеніміз оқушылардың оқу барысындағы өзара қатынасы Ұйымдастыру компоненті дегеніміз оқу процесін ұйымдастыру Оқыту принциптері оқыту заңдылықтарынан туындауды Оқыту принциптері көрнекілік, саналылық, белсенділік, түсініктілік, ғылымилық, шамага лайықтылық, жүйелілік, бірізділік, беріктік, теорияның практикамен байланысы Ғылымилық принцип дегеніміз оқушыларға ғылыми дәлелденген мағлұматтан білім беріп, оның дүниетанымын қалыптастыру Түсініктілік, шамага лайықты принцип дегеніміз оқушыға берілетін білім, оның жас ерекшелігіне сай болуы тиіс Жүйелілік, бірізділік принцип дегеніміз оқушыға берілетін білім, баланың жасына, біліміне сәйкес жүйелі, бірізді болуы тиіс.

Саналылық, белсенділік принцип дегеніміз оқушы білімді саналы түрде, білімді қабылдауда белсенділік танытуы тиіс Көрнекілік принцип деген не оқушыларға білімді көрнекті құралдар арқылы беру жолы Беріктік принципі дегеніз оқушыға берілетін білімді бекіту арқылы қалыптастыру Теорияның өмірмен байланыс принципі дегеніміз алған білімді өмір тәжірибесімен ұштастыру Дарапалау принципі дегеніміз

окушының жеке дара қабілетін ескеру.

Жоғарыда аталған оқыту принциптерінің ішінде беріктік принципі немесе білім, іскерлік және дағды элементтерінің әрекеттілілігі мен пайымдалуы білім беру және тәрбиелу қызметтерінің бірлігін қамтамасыз ете отырып, беріктік принципінің кең мағыналылығын көрсетеді. Өйткені, беріктік принципін практикада жүзеге асыру білім мазмұнына арнайы талдау жасай отырып, ондағы окушылар ұзак уақыт әрі терең пайымдау арқылы қабылдайтын негізгі, аса қажет және маңызды ұстанымдар мен элементтерді атап көрсету қажет.

Сонымен бірге, Ш.Т. Таубаевтың айтуы бойынша беріктік принципі оқу материалының білімдік элементтері арасында логикалық байланысты орната отырып, оқу пәнінің әрбір келесі белімшелеріне қажетті білім қолемін менгереді. Сондықтан беіктік принципі білім мазмұнын механикалық түрде жаттап алу емес, оның қажеттілік деңгейін пайымдаудына жағдай тудырады .

Осы түрғыдан біз беріктік принципін қолдану туралы айтқанда білім, іскерлік және дағдының бірлігін қалыптастырудың қажеттігін, оның нақты оқу пәнінің ерекшелігін есеспеке алушың, яғни әрбір оқу пәні бойынша жалпы оқулық іскерліктер мен дағдылардың (оқу жұмысын жоспарлау, оқу әдібиетімен жұмыс істеу іскерлігі, оқу процесінде өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру іскерлігі, қажетті темпте жұмыс істей алу іскерлігі, т.б.) әрекеттік жүйесінің нақтылығын қамтамасыз ету қажет болады.

Білімнің әрекеттілігі оны түрлі және нақты жағдайларда қолдана алу іскерлігіде көрініс табады, белгілі әдістер мен тәсілдерді жаңа жағдайларда көшіріп қолдана алу іскерліктерінен орын алады. Сол себепті мұғалім алдына берілген білімнің беріктігін қамтамасыз ететін ең жақсы оқыту құралдарының кешенін тандау мәселесі туындайды.

Міне, осы мәселелерге қатысты беріктік принципінің тек білім беру мазмұнына ғана қатысты емес, сонымен бірге оқытудың тәрбиелік нәтижелеріне де талдау жасау қажеттігі арнайы талап ретінде қойылып отыр.

Бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабактас болумен ғана емес, ең алдымен, окушы тұлғасы ұйтқысының қалыптасуы

мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын буын екендейімен анықталып негізделеді.

Осымен байланысты интеллектуалдық, іскерлік, эмоционалдық, коммуникативтік жағынан окушыны айналадағы дүниемен өзара белсенді әрекеттестік қарым-қатынасқа дайындау бастауыш сатының негізгі қызметі болып табылады.

Бастауыш сатыда окушының жалпы және психикалық дамуының бұл сияқты жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін, ең алдымен, білім берудің мақсат приоритеті түбекейлі өзгеруі керек: бірінші кезекке, бұрынғыша окушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оку әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылады.

Оқу мақсаты приоритетінің өзгеруі білім мен тәрбие мазмұнына елеулі түрде ықпал етіп, оны жаңартудың ең басты деген бағыттарын анықтауға және осымен бір мезгілде нақтылы міндеттерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, оқу жоспарына сай зерделенетін пәндердің барлығында білімділік және тәрбиелік ролі жағынан бірдей маңызға ие болып, осы құнге дейінгі тәжірибеде орын алып келген «мынау негізгі», «мынау қосымша» пән деп бөлінбей оқытылады. Мысалы, тіл, математика – негізгі, музика, бейнелеу өнері, еңбек, дене шынықтыру – қосымша пәндерге жатқызылып келгені мәлім.

Екіншіден, окушылар тек пәндік білім, білік дағдылардың белгілі бір жиынтығын менгерумен шектелмей, бұған қоса оқу және сойлеу (ауызекі, жазба тіл) әрекетін, өзін-өзі ұстau, мінезд-құлық мәдениетін, этикалық, эстетикалық адамгершілік нормаларын, яғни окушының тәрбиелік деңгейін сипаттайтын және қалыптасуында әр пән белгілі бір роль атқаратын құндылық катынастарды менгереді.

Үшіншіден, білім мазмұнының жалпы адамзаттық құндылыққа бағдарлануы білім берудің ізгілікtenдірудің міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, оқытууды шамадан тыс идеологизациялауға жол бермейді, саясаттандыруды болдырмайды.

Сондықтан бастауышта білім бердің басты міндеттері:

- окушының өзін қоршаған, өзі өмір сүрген жаңа табиғи

және әлеуметтік ортага (мектеп – осындағы орта) үйренуін, онда жаңа әлеуметтік мәртебе – оқушы мәртебесінің қалыптасуын;

– оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас т.б. сияқты әрекет түрлерін қажетті деңгейде менгеруін;

– айналадағы дүниемен дара-тұлғалық қатынасының қалыптасып, эстетикалық, этикалық адамгершілік нормаларды менгеруін;

– білімін әрі қарай жалғастыруға дайындығын сипаттайтын белгілі бір деңгейдегі эрудициясының болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне бастауыш сынып оқушысын белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттермен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін автор жас ерекшелігіне сәйкес өз жасын қалыптастыруға күш жұмсап енбектенетін бала деп қарастыратын, осыған орай көп қырлы құрылымды білім тәрбие мазмұнын анықтап құруға көмектесетін қазіргі заманғы дамыта отырып оқыту идеясы алынады.

Бастауыш саты – оқушыда, оның интеллектісі дамуының іргетасы – оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құралады. Осы тапсырма түрлерін менгеру оқушы ойын тәртіпте, оның белгілі бір бағытта жүйелі «арнамен жүруін» қамтамасыз етеді; жеке тұлғаның негізгі психикалық үрдістері қалыптасып, ырықты зейін, рефлексия, өзін-өзі бақылау, әрекет-амалдың ішкі жоспары сияқты жаңа түзілімдер пайда болады. Оқушы әртүрлі оқу тапсырмаларын өздігінен шешіп, орындаудың ортақ тәсілдерін, өз әрекетін бақылап-бағалауды, нәтижесін эталонмен салыстыруды менгереді.

Оқу әрекетінің қалыптасуы білім мазмұнының теориялық деңгейін көтеру ұстанымен тығыз байланысты. Бұл, білім мазмұнындағы ғылыми ұғымдардың үлесін арттыруды қажет етеді. Осыдан объектілер мен құбылыстардың тек сыртқы түрін, белгілерін бақылап қана көріп тану тәсілін ғана емес, оқушыны ынталандырып шығармашаңылғы әрекетке жетектейтін ішкі байланыстарды, өзара тәуелділікті, заңдылқтарды өздігінен ашып, түсініп танитындағы әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік туды; оқу әрекеті арқылы оқушы осындағы тәсілдермен жұмыс

істей біліктерін менгереді.

Көрсетілген ұстанымдардан оқушы ойлауының барлық түрлерін диалектикалық бірлікте дамыту ұстанымын бөліп карауға болмайды. Педагогикалық психология бастауыш сатыда оқушының әмпирікалық (көрнекі-бейнелі және көрнекі әрекеттік) ойлау түрлерінің деңгейі жоғары болса, осыны тірек ете отырып логикалық (теориялық) ойлауы да тиімді дамиды деп есептейді.

Ұғымдар жүйесінде ойлаудың барлық түрлері қамтылатындықтан, білім мазмұнындағы әмпирікалық және ғылыми ұғымдардың ара қатынасын дұрыс анықтап жүйелеу оқушы ойлауының осы заңдылықтарын ескеру арқылы ғана жүзеге асатынын атап көрсеткен жөн.

Білім мазмұнын, оның құрылымын анықтауда дамыта отырып оқытудың осы айтылған іргелі үш ұстанымынан басқа мазмұнның интегративті сипатын қамтамасыз ету, оқушының адамгершілігін эстетикалық талғамын, экологиялық-салауатты өмір сүру мәдениетін халықтың озық салт-дәстүрі, рухани-мәдени мұрасы негізінде тәрбиелеу сияқты ұстанымдар да басшылыққа алынады.

Бастауыш сатыдағы оқытудың мақсаты мен білім мазмұнның негізіне алынған дамыта оқыту идеясына, оның ұстанымдарына сәйкес білім мазмұнның мынандай құрамы анықталады:

- дүние туралы (көркем, мифтік, т.б. түсініктермен байытылған дүниенің ғылыми бейнесі);
- оқушыда қалыптасуы тиіс әрекет түрлері (ойын, оқу, еңбек, қарым-қатынас);
- дүниені танып білудің әдіс-тәсілдері (логикалық, ғылыми) туралы білім біліктер.

Бастауыш саты оқушысының жас ерекшелігіне сай таным мүмкіндігін және оқыту мақсатының оқушы тұлғасын тәрбиелеуге бағындырылатынын ескерсек, онда бұл сатыда оқытылатын пәндерді ғылымдар негіздері түрінде құруға болмайтыны түсінікті: мұнда, негізінен оқушыда мәдениеттің базистік қырларын қалыптастыру бірінші орынға шығады. Осымен байланысты, білім мазмұнның әлі де жете сараламай былайша жіктеуге болады: коммуникативтік мәдениет, әқыл-ой

мәдениеті, эстетика және адамгершілік мәдениеті, еңбек мәдениеті, дене тәрбиесі.

Әрине бұдан білім мазмұнындағы ғылым негіздерінен ештеңе қамтылмайды деген түсінік тумауы керек: оқу әрекетін қалыптастыру приоритетті мақсат және мұның өз білімінің теориялық деңгейін көтерумен тікелей байланысты болғандықтан әр пән ғылыми білім элементтерін, ұғымдар жүйесін міндетті түрде қамтиды және танымдық, дамытушы ролімен қоса пропедевтикалық та қызмет атқарады.

Осыған және мемлекеттік базистік оқу жоспарына сүйене отырып бастауыш сатыдағы оқу пәндері жиынтығының тиімді деген бір нұсқасын көрсетелік: ана тілі, екінші тіл, математика, дүниетану, еңбек, бейнелеу өнері, музика, дена тәрбиесі.

Оқытудың оқушыда оқу әрекетін қалыптастыруға бағытталуы пәнішлік интеграцияны жүзеге асыруға көмектесіп, оның тіл занждылықтарын зерделеу, қолдана білу ауызекі сойлеу және ойын жазбаша беру біліктерін, коллеграфиялық дағдыларын тиімді менгеруіне жол ашады. Осымен байланысты оқушылардың әртүрлі тілдік талдаулар жасай алу біліктерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Сондықтан тіл пәні бағдарламасының жаңа жобасында «Тіл және сөйлеу», «Сөйлеу мәдениеті» сияқты пәнді оқытудың басты мақсатын жүзеге асыруда айрықша маңызды арнайы блоктардың болуы орынды.

Ерекше көңіл аударатын бір мәселе – ана тіліне басқа тілдерден енген әріптерді бастауыш сыныптарда оқыту проблемасы. Қазақ тілінде мұндай әріптердің саны 14. Егер осы уақытқа дейінгі қазақ тіліндегі ресмиленген 42 әріпті бастауыш кластарда таныту, менгерту 30-35 ережемен беріліп жүрсе, соның 18-20 ережесі жаңағы 14 әріптің үлесіне келеді екен де, өз тіліміздің 28 төл әріпі небары 12-15 ережемен оқытылады екен.

Әрине дәл қазіргі кезеңдегі 14 әріптің барлығын бағдарламадан шығару мүмкіндігі жоқ екені түсінікті. Бірақ ана тілімізде қатынасымен құралатын сөздер өте сирек кездесетін ё, ч, щ, ц, ь, э, ъ сияқты 7 әріпті бастауыш сатыда қазақ тілі бағдарламасында арнайы уақыт беріліп оқытудан гөрі орыс тілі пәнінде танытса, сол жеткілікті болар еді.

Тіл пәнінің жаңа мазмұнының дамытушы әлеуеті сауат ашу кезеңін бұрынғыдай бір жылға созбай, бірінші жарты

жылдықта аяқтап, одан соң екінші жарты жылдықта тіл мен окуды интеграциялап беруге мүмкіндік береді.

Сейтіп сауат ашу кезеңінің өзінде-ақ шағын көркем текстерді мәнерлеп оку түрінде басталып, одан екінші жарты жылдықта оқушылар түсінігіне лайық көркем шығармалар тілдік материалдар мен интеграциялап оқытылады.

Пән мазмұнының «көркем шығармалар» және «ғылыми танымдық шағармалар» блоктары бойынша құрылуы оның білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсат, міндеттерінің толық жүзеге асуын қамтамасыз ете алады.

Сонымен мектептің қай түрі болсын, бала қандай талантты болса да, бірінші сыныпқа алғаш келгенде онда оку әрекетіне нышаны да болмайды. «Оку әрекеті» – өте құрделі ұғым. Ол әріпті танып, оқи, жаза білу ғана емес. Бұл – Ш.Т. Таубаев сияқты белгілі педагогтардың зерттеулерінде дәлелденген мәселе.

Қазақстан республикасында 1– 4 сыныптарға арналған мемлекеттік білім стандарты бар. Стандарт жалпы білім беретін мектептің де, гимназияның да, лицейдің де бастауыш сыныптарына бірдей. Бастауыш сыныптары үшін әртүрлі стандарт болу мүмкін емес. Себебі, бастауыш сыныптардағы оқытудың приоритетті мақсаты беру ғана. Ол – оку әрекетін қалыптастыру арқылы, мәдениет ұстанымына негіздел жас ерекшелігін ескере отырып бала тұлғасының ұйтқысын қалыптастыру, тәрбиелеу. Оқыту, білім беру, білік дағды қалыптастыру ең алдымен осы мақсатта қызмет етеді: баланың білімін әрі қарай жалғастыру мүмкіндік беретін белгілі бір деңгейдегі тілдік, математикалық т.б. эрудициясы болуының қажеттілігі (мақсат ретінде) екінші кезекте тұрады.

Білім стандартының ең негізгі бөлімінде осы бастауыш білім берудің приоритетті мақсат берілген.

Мектеп – қоғамның әлеуметтік институты болғандықтан, ондағы білім-тәрбие берудің мақсатын осы қоғамның мүддесінен туындастырын әлеуметтік сұраныс анықтайды. Ендеше, білім берудің мақсаты мемлекеттік стандарт болуы – зандылық.

Әдістемелік жүйенің 5 бөлімде білім беру мақсаты шешуші роль атқарады, білім мазмұны сол мақсатқа сәйкес

анықталады. Білімнің мемлекеттік стандартының қалған үш бөлім мазмұнына байланысты. Олар: «базалық (инварианттық) білім мазмұны», «оқушы дайындығы деңгейінен қойылатын талаптар», «оқушы дайындығы деңгейін тексеретін өлшеуіштер жүйесі».

Таяуда Қазақстан республикасының «Білім заңы» бекітілгені мәлім. «Білім заңы» бұған дейін де болғанымен, ол білім беру жүйесін жеткілікті деңгейде реттей алған жок: жоғарыда айтылған оқулық, оку бағдарламаларын жасау жолындағы ізденістердегі «лагушылық», «Білім заңының» іс жүзінде нақтылы жүзеге асуы механизмінің жасалмағандығынан еді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- [1] Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы //Егемен Қазақстан, 11 қазан 1998.
- [2] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 1996 жыл, 11 маусым, КР «Білім беру туралы» Заңы. – Алматы, 2000.
- [3] Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан, 7 тамыз 1996.
- [4] Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік Білім бағдарламасы.
- [5] Мұқанов С. Халық мұрасы.– Алматы: Қазақстан, 1974.– 236 б.(183,185)
- [6] Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында //әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Фылым, 1975. – 420 б.
- [7] Қожа Ахмет Яссави. Диуани хикмет. – Орталық Қазақстан. 1988.– 2 б.

*Д. Асқарқызы, Е. Нұрлыханқызы, А.Т. Қадыргалиева, 2018*

**Б.С. Бейсенбаева,**  
магистр, ага оқытушы,  
**Д. Асқарқызы,**  
магистр, ага оқытушы,  
**Е. Нұрлыханқызы,**  
магистр, ага оқытушы,  
**А.Т. Кадыргалиева,**  
магистр ага оқытушы,  
e-mail: *isaeva.aika@mail.ru*,  
ХГТУ,  
г. Шымкент, Казахстан

**XIX ФАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX  
ФАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСІНДЕ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ  
ДАЯРЛЫҒЫНА ҚОЙЫЛҒАН ТАЛАПТАР (ТӘРБИЕЛІК-  
БІЛІМДІК ЖЕТИСТИКТЕР АСПЕКТІСІНДЕ)**

**Аннотация:** берілген мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы мектептердің педагогикалық үдерісінде мұғалімнің кәсіби даярлығына қойылған талаптары жайлы айтатын боламыз.

**Кілттік сөздер:** кәсіби даярлық, педагогикалық үрдіс, білім беру жүйесі, педагогикалық алғышарттар, мектеп, экономикалық алғышарттар.

Қазақ мектебінің басты мақсаты – баланың ой-өрісін есіріп, өзіндік дүние танымын қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыс істейтіндей жағдай тұғызы. Мектептегі жас ұрпақ – ертеңгі ел азаматтары әлемдік биіктеге көтерілумен қатар, ұлттық игіліктерді ерекше ескеру қажет екенін сезініп өсуге тиіс. ұлттық мұдде – ол мемлекеттік мұдде.

Дамыған елдердің азаматтары мұндай қасиетті ұғымды қанына сініруді ерекше мақтаныш тұтады. Мықты шәкірттер болу үшін мықты ұстаздар керек. ұлттық рухы биік адамды ұлттық мектеп қалыптастырады. Ол мектептің тірегі – ұстаздар қауымы.

Белгілі бір саладағы тұлғаны қалыптастыру үшін

педагогикалық жүйе керек (мақсат, мазмұн, оқытудың әдістері, ұйымдастыру формалары, құралдары және оқу процесі). Дидактикада оқу процесі негізінен үш компоненттен: оқу материалы және оқушы мен оқытушының іс-әрекетінен тұрады. Оқушының іс-әрекетін ұйымдастыратын мұғалім болғандықтан оқушы білімінің төмендігін содан көреді, одан шығармашылықпен жұмыс жасау талап етіледі.

Балалар ұжымымен жұмыс істеу үшін мұғалімнің белгілі бір кәсіби қасиет-сапалары қажет. Кәсіби маңызы бар қасиеттер мәнін анықтауға бірқатар ғалымдар (А.А.Бейсембаева, Л.К.Керімов, А.Молдажанова Г.Сманова, К.Успанов және т.б.) көніл бөлді. Біртұтас педагогикалық үрдіс теориясының негізгі зандарын басшылыққа ала отырып (Н.Д.Хмель), педагогикалық үдерістің іске асыруын қамтамасыз ететін тұлғаның салыстырмалы орнықты сапалары мен ерекшеліктерін жиынтығын педагогтың кәсіби маңызды қасиеті деп санауга болады. Сонымен, біртұтас педагогикалық үдерістің нәтижелілігі «педагогтар-оқушылар» жүйесіндегі өзара қатынастың, ықпалдастықтың деңгейіне байланысты. «Оқушы» жүйесі үшін педагог тұлғасы қоршаған болмысты пәндендері арасындағы деддал, ал мұғалім оқушы мен материалдық және рухани құндылықтар арасындағы деддал болып табылады. «Оқушылар» жүйесінде қарым-қатынас «педагогтар-оқушылар» жүйесінде бар қарым-қатынас салдары ретінде жасалады. Бұл болашақ мұғалімді даярлауда мектептік педагогикалық үдерістің қызметін жандандыруға мүмкіндік беретін кәсіби маңызы бар сапаларды қалыптастырудың неге қажет екенін көрсетеді.

Жоғарыда баяндалғандардың балалар ұжымымен тиімді жұмыстар істеудің тиімділігінің шарттарының бірі ретінде қарастырылатын ұжымшылдық сияқты мұғалімнің жеке қасиеттерін қалыптастыруға қатысты.

Мұғалімнің ұжымшылдығы оның оқушылармен және оқушылардың бір-бірімен дұрыс өзара қарым-қатынас жасауының негізінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыруға даярлығы арқылы көрініс табады. Тұтас педагогикалық үдеріс теориясында бұл өзара қарым-қатынас өзара ықпалдасатын тәрбиелеуші механизм болып табылады

және қызмет барысындағы ынтымактастықтың сипатына тәуелді. Қызмет барысындағы сипатын түсіну мұғалімнің құзырына кіреді. Соған байланысты мұғалім өзінің жинақтаған білімінің негізінде балалар ұжымының қызметін үйлемдастыруға дайын болуы керек.

Тұтас педагогикалық үдеріс және балалар ұжымы теорияларының негізгі қағидаларына (Н.К.Крупская, Т.Е.Конникова, А.С.Макаренко, Л.И.Новиков, В.А.Сухомлинский) сүйене отырып, мұғалімге, сынып жетекшісіне окушы ұжымын қалыптастыру бойынша тиімді жұмыстар үйлемдастыру үшін, төмендегідей бірқатар біліктерді менгерулері қажет:

1. Мұғалім іс-әрекетінің заңдылықтарының, қозгаушы құштерінің және тәрбиелеу механизмдерінің нысаны ретіндегі педагогикалық үдерістің мәні мен құрылымы туралы теориялық білімнің болуы.

2. Окушы ұжымын қалыптастыру теориясы мен тәжірибесі және оның негіздері мен даму заңдылықтары жөнінде біртұтас түсініктің болуы.

3. Окушы ұжымының қалыптасу жағдайы мен деңгейін диагностикалай алу, біртұтас педагогикалық үдерістің негізгі көрсеткіштеріне диагностиканы негіздей алу, ұжым дамуын болжу үшін диагностикалық мәліметтерді пайдалана алу.

4. Педагогикалық ықпалдастырудың негізгі құралдарын білу және оларды балалар ұжымын қалыптастыру үрдісінде қолдана алу.

5. Әрбір окушының қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес жалпы мақсатқа (сабақта және сабақтан тыс уақытта окушылардың ықпалдасу жүйесі) жетуге бағытталған окудағы және оқудан тыс іс-әрекеттерін үйлемдастыра алу.

6. Алғашқы (сыныптық) ұжымды қалыптастыруда мұғалімнің педагогикалық жетекшілігімен ұжымда өзін-өзі басқаруды үйлестіре алу.

7. Мектепте және мектептен тыс уақыттарда алғашқы ұжымды басқа ұжым түрлерімен өзара байланыс жасауының рөлін түсіну.

Мұғалімнің ұжымшылдығы оның окушылармен және окушылардың бір-бірімен дұрыс өзара қарым-қатынас

жасауының негізінде балалар ұжымының қызметін үйімдастыруға даярлығы арқылы көрініс табады. Тұтас педагогикалық процесс теориясында бұл өзара қарым-қатынас өзара ықпалдасатын тәрбиелеуші механизм болып табылады және қызмет барысындағы ынтымақтастықтың сипатына тәуелді. Қызмет барысындағы сипатын түсіну мұғалімнің құзырына кіреді. Соған байланысты мұғалім өзінің жинақтаған білімінің негізінде балалар ұжымының қызметін үйімдастыруға дайын болуы керек.

Мұғалімнің диагностикалық бағдарламасының бір нұсқасында «окушылармен ынтымақтастықта бола алу қабілеті» – қазіргі мектеп мұғалімдерінің зерттеу іс-әрекеттерінің ең жоғары деңгейі және ол өзара ықпалдастыққа ұмтылдыратын жаңа тәсілдерді үнемі іздестіру, оларды қарым-қатынас жасауда қолданудың мүмкіндіктерін байқай алу, басқа адамдардың көзқарастарын түсіне білуге тәрбиелеу аз уақыт аралығында және мұғалім мен оқушының ақыл-ойын, ерік-жігерін пайдалана отырып эмоционалдық күш салуымен оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін үйлестіруді негіздей отырып қолдана алу (В.И.Зверева).

Педагогтардың балалар ұжымымен кәсіби үйімдастырылған жұмысы барысында әлеуметтік (қоғамдық) белсенділік ретінде күрделі тұлғалық қасиеттер қалыптасады. Қайта құру кезеңінде бұл қасиет ерекше маңызға ие болады, өйткені ол қоғамдық іс-әрекеттердің маңыздылығын оқушылардың санасына сініруін, олардың оған жауапкершілік, белсенділік, ізденімпаздық таныта отырып қатысуға дайындалуын, ұмтылуын қамтиды.

Қоғамдық тапсырмалар мұғалім тарапынан емес белсенді топ мүшелері, сиынп ұжымы тарапынан берілуі тиіс.

Тапсырмалар сабакта және сабактан тыс орындалатын жұмыстарға байланысты берілуі қажет; мүмкіндігінше ол жұмыстарды оқушылардың өздері таңдағандары орынды. Орындалған тапсырма мен оның орындалу сапасы жөнінде ұжым алдында есеп берілуі қажет.

Жоғарыда көрсетілген теорияларға сүйене отырып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстан территориясында жұмыс істеген мектептердегі мұғалімнің

кәсіби даярлығына қойылған талаптарға және оның оқушылардың табысты дамуына тигізген ықпалын саралап көрейік.

Ағартушы педагог І.Алтынсариннің еңбектерінде мұғалімдердің даярлығына ерекше мән берілген ұсыныстар бар. Мысалы, І.Алтынсарин өзінің 5 жылдық педагогикалық істәжіриесінің негізінде орыс-қазақ мектептеріне алғаш рет келген балаларға орысша сөйлеуден бўрын орыс тіліндегі негізгі ұғымдарды түсіндіріп барып сұқбаттасу керек екендігін ескерткен.

Мұғалімнің бала психологиясының жеке дара ерекшеліктерін есепке ала білуі, оларға шыдамдылықпен күрделі ұғымдарды түсіндіре білуі педагогикалық кәсіптің маманы болғандығын көрсетеді деп есептейді. Әріптесі Л.А.Мозохинге жолдаған хатында І.Алтынсарин мұғалімнің сапа қасиеттеріне токталып мектепке білімді, мәдениетті мұғалімдердің қажет екендігін жазған.

Сол сиякты зерттеу тақырыбына арқау болған кезеңде «Айқап» журналының беттерінде жарияланған мақалаларда балаларға тиімді білім мен тәрбие беретін нұсқаулар баяндалды, мәселен ауыл мектептеріне ең алдымен қазақ тілін білетін қазақ мұғалімі қажет деген, т.б. сол кезең үшін көкейкесті мәселелер ортаға салынды. «Укрепим аульные школы» деген мақалада: «Ауыл мектептеріндегі жалқау мұғалімдерді мектептен шығарып, жұмыс қабілеті жоғары педагогтармен алмастыру талабы күн тәртібінде тұр», – деп жазды.

Жоғарыда талған журнал беттерінде А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды қазақ зиялышарының ел үшін алаңдаған мақалалары жиі басылып тұрды. А.Байтұрсынов студент кезінде-ақ патша үкметінің қазақ халқына жасап отырган озырылғы мен қиянатын жақсы түсініп, содан шығудың жолын іздеген. Ол жол – ағарту деп түсінген. А.Байтұрсынов еңбек жолын бала оқытудан бастайды. 1896 жылы Омбыда жұмыс істей жүріп, Ақмола, Семей облыстарының білім беру жүйесін басқарған. Сол жылдары қазақ балаларын оқыту жөніндегі мәселелер қатты толғандарған. А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұрасында ерекше орын алатын мәселе – әдістеме болып табылады. Ол алғашқы әліппе, оқулық, тіл

